


С.У

Университеті


Ттыбайқызы

- ▶ **Өкпе-текті жүрек** деп тыныс мүшелері ауруларының нәтижесінде пайда болған артериясының гипертензиясы тудыратын жүректің оң жақ бөліктерінің гипертрофиясын және дилатациясын айтады. Өкпе-текті жүрек деген ұғымға этиологиясы, патогенезі және клиникалық белгілері әр түрлі жедел, жеделше және созылмалы өкпе-текті жүрек деген синдромдар жатады. Созылмалы өкпе-текті жүрек - өкпелердің құрылымы мен функциясын бұзатын аурулардың нәтижесінде пайда болатын оң жақ қарыншаның гипертрофиясы.



- ▶ **1. Ауаның бронхтар мен альвеолаларға өтуіне бірінші ретті кедергі тудыратын аурулар;** созылмалы бронхиттер, генуиндік және екінші ретті өкпе эмфиземасы, тыныс тұншықпасы, өкпе туберкулезі, бронхэктаздар, өкпе поликистозы, саркоидоз, дәнекер тінінің созылмалы ауруларындағы өкпенің зақымдалуы, өкпенің радиациялық зақымдануы, өкпе мен плевраның үлкен ісіктері т.б.
- ▶ **2. Кеуде торының қозғалысына бірінші ретті кедергі тудыратын аурулар:** кифосколиоз және қабырғалардың басқа зақымданулары, плевралық фиброз, таракопластикадан кейінгі күй, диафрагма парезі сезімдікте кездесетін Пиквик синдромы Идиопатиялық альвеоалық гиповентиляция, полиомиелит.
- ▶ **3. Өкпе тамырларын бірінші ретті зақымдайтын аурулар:** бірінші ретті өкпе артериясының гипертензиясы, васкулиттер, өкпе артериясының атеросклерозы, өкпе артериясы бағанының аневризмамен, көкірек аралығының ісіктерімен басылып қалуы және т.б.


- ▶ Өкпе артериясы гипертензиясының белгісіне артериялар мен артериолдардың ортаңғы қабығының бұлшықет элементтерінің гипертрофиясы жатады. Созылмалы өкпе-текті жүректе жүректің оң жақ бөліктері миокардының гипертрофиясы мен оң жақ қуыстарының дилатациясы анықталады.



- ▶ **Компенсациялы өкпе-текті жүрек.**  
Компенсациялы өкпе-текті жүректің клиникасы өкпе (тыныс) жетіспеушілігінің клиникасынан, жүректің оң жақ бөліктерінің гипертрофиясының белгілерінен, өкпе артериясы гипертензиясының белгілерінен және негізгі өкпе ауруының белгілерінен құралады.

- ▶ **Өкпе жетіспеушілігінің I дәрежесінде** ентигу мен тахикардия организмге шамадан тыс күш түскенде байқалады. Цианоз болмайды. Гипоксемия жоқ. Жүрек-тамыр жүйесінің қызметі бұзылмаған. Қышқылды-негізді күй қалыпты мөлшер деңгейінде.
- ▶ **Өкпе жетіспеушілігінің II дәрежесінде** ентигу мен тахикардия болуы күш түскенде байқалады. Айқын цианоз анықталады. Альвеола ауасында  $pO_2$  азаяды және  $pCO_2$  көбейеді. Оттегі мен көмір қышқылы газының қандағы мөлшерлері вентиляция аппараты қызметінің күшеюіне байланысты өзгермеген немесе шамалы өзгерген.
- ▶ **Өкпе жетіспеушілігінің III дәрежесінде** ентигу мен тахикардия тыныш күйде анықталады. Өте айқын цианоз болады. Гипоксемия және гиперкапния. Жүрек әлсіздігінің айқын белгілері табылады.

легочная гипертензия



гипертрофия и последующая  
дилатация правого желудочка



► **Оң жақ гипертрофиясының ЭКГ-белгілері:**

ЭхоКГ; оң жақ қарынша миокардының гипертрофиясы ЭхоКГ-да оң жақ қарыншаның алдыңғы қабырғасы мен қарынша аралық перденің қалыңдаған белгілерін береді.

P-пульмоналис ЭКГ да I, II, III стандартты әкетулерде кездеседі.

V-I, V-IV, V-VI әкетулеріндегі R және S тішшелерінің биіктігінің өзгеруі..




Рис. 7.6. ЭКГ при гипертрофии правого желудочка (S-тип). Электрическая ось смещена вправо (угол  $\alpha=95^\circ$ ). Увеличена амплитуда зубцов S в левых грудных отведениях. Имеются признаки поворота сердца вокруг продольной оси по часовой стрелке и вокруг поперечной оси вершуккой назад (в отведениях I, II, III комплекс QRS типа RS). Длительность интервала внутреннего отклонения в отведении  $V_1$  не изменена (0,03 с). Имеются признаки гипертрофии правого предсердия (P-pulmonale).

## 1.Бронхолитик дiрiлер:

- ▶ А.бронхтардың бета-2 адренорецепторларын басым әсер ететiн симпатомиметиктер;алупент(астмопент),сальбутамол(вентолин)бипрадол(гексоприналин),тербуталин (бриканил),беротек;
- ▶ Б.миолитиктер;эуфиллин,теофиллин;
- ▶ В.холинолитиктер;атропин,папаверин.

## 2.Қақырық жүргiзетiн дәрiлер:

- ▶ А.муколитиктер;ацетилцистеин(мукогель),мукалтин,бромгексин,бисолвон,бронхолитин,амбросан т.б.
- ▶ Б.протеолиз энзимдерi(трипсин,химотрипсин,химопсин,рибонуклеаза);
- ▶ В.рефлекстік әсерлі дәрiлер(ипекакуана,термопсис т.б.)
- ▶ Б.бронхтың кiлегей қабығына тура әсер ететiн дәрiлер(иодты калий,иодты натрий,эфир майлары)
- ▶ Өкпе артериясындағы гипертензияны оксигенотерапия,қысымды түсіретiн дәрiлер,антикоагулянттар мен антиагреганттар қолданып және қан жіберіп емдейді.

